Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

8 қараша сейсенбі
№89 (1893)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің есімі бүгінде исі қазаққа етене таныс. Ол – Қазақстан мен Орталық Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы-көсемсөзші.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ, жүргеновтанушы, ғалым:

Темірбек Жүргенов дегенде...

Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты сомдау үшін осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында алатын орнын нақпа-нақ белгілеу міндеті, парызы бүгінгі ұрпаққа жүктелгені айдан анық. Мінеки, осы үдеде студент шағынан ізденіп, әдеби-мұрасын ғылыми айналымға түсіріп, терең талдап, алғаш диссертациялық деңгейде зерттеген Бауыржан Иманғалиев Нарком туралы жазған «Темірбек Жүргенов» атты үшінші кітабын қалың оқырманға ұсынды. Зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бауыржан Сәбитұлы бұл төрт жүз елу беттік кітабында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан мұрағаттары мен кітапханаларының сирек қолжазбалар қорларында сақталған Т.Жүргеновтың құнды еңбектерін алғаш рет түпнұсқа негізінде тауып, араға сексен жыл уақыт салып, оқушыларымен қайта табыстырды. 1937 жылы 26 қыркүйекте «Халық жауы» деп қара күйе жағылып, қапыда атылып кеткен боздақ ұлдың халқына, ұлтына жасаған еңбегін бес тараудан тұратын осы құнды еңбекте жан-жақты аша білген. Журналист Ұмтыл Зарыққан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, зерттеуші-ғалым Бауыржан Иманғалиевпен қайраткер-қаламгер Темірбек Жүргенов хақында арнайы сұхбат құрған екен. «Әдебиет» порталына шыққан сұхбатты Жүргеновтанушы Бауыржан Иманғалиевтің рұқсатымен газетке басып отырмыз.

3 БЕТТЕ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАҒДАР

Өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші – білім. Елдің болашағы білім саласымен тікелей байланысты болғандықтан, ол әрдайым қырағы қадағалауды, айрықша мән беруді талап етеді. Бұл бағытта жаңа әдістер, тың тәсілдер қолдану қажет-ақ. Осы үдерістен шығу үшін білім сапасын көтеру бағытындағы іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Соның дәлелі ретінде Үкімет отырысында бекітілген білім беруді дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын айтуға болады.



2 БЕТТЕ

ӨКПЕ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҚҚАНДАР КӨП

Биылғы 9 айда Қызылорда облысында туберкулездің 330 жағдайы тіркеліпті. Мамандар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өкпе ауруына шалдыққандар саны 21,6 пайызға артқанын айтуда. Оның басым көпшілігін тыныс алу жолдарының туберкулезі құрап отыр екен.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген мәліметте туберкулезбен сырқаттанушылық деңгейі тек Жалағаш ауданында ғана бір деңгейде екені баяндалған. Облыстың Жалағаштан басқа аудандарында эпидемиологиялық ахуал тұрақсыз. Қызылорда қаласындағы жағдай да мәз емес. Туберкулездің ашық түрімен ауырғандар саны облыс бойынша 1,3 есеге артқан.

– Індетке шалдыққандардың 66 пайызы әлеуметтік белсенді топтар. Яғни 18-64 жас аралығындағы тұрғындар. Сырқаттанушылықтың 5,4 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар болса, дәл осы мөлшердегі көрсеткіш жасөспірімдер арасында тіркелген, – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз хатшысы Айман Жанахаева.

Жыл басынан бері туберкулездің 5 асқынған түрі кездессе, 10 адам қайтыс болған. Олардың 5-еуі Қызылорда қаласынан болса, Жалағаш, Қазалы, Жаңақорған аудандарынан 3 адам, сондай-ақ Байқоңыр қаласынан 2 науқас қайтыс болған. Мамандар аурудың асқыну және өлім-жітім себептері ауыру қаупі жоғары «тәуекел» топтағы контингенттердің уақытылы флюрографиялық тексерілмеуі, ауру клиникасы пайда болғанымен тұрғындардың медициналық көмекке кеш жүгіну салдарынан болуы ықтимал деген тұжырым жасаған.

– Туберкулезге қарсы егілмегендер саны – 416, ата-анасының екпеден бас тартуы себепті вакцина алмағандар саны 58-ден 85-ке өскен. Бұл сәйкесінше туберкулез ауруының эпидемиологиялық ахуалының тұрақсыз болып қалыптасуына әсер етуде. Бұл ретте санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласының қызметкерлері денсаулық сақтау ұйымдары мамандарымен бірлесіп, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуде, – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аса қауіпті аурулар мен туберкулезді эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Жанар Жетілгенова.

2 БЕТТЕ

«ДАМУ» демеген кәсіп



«Кәсібі бардың, нәсібі бар» деп бекер айтылмаса керек. Елімізде осы саланы дамытуға ерекше ден қойылған. Жеке ісін ашқан азаматтардың бүгінде ісі дөңгелеп, кәсіп аясы кеңейген. Жалпы кәсіпкерлікті дамытудың ел экономикасына да, халық тұрмысына да оң әсер ететіні белгілі. Бұл мақсатта қолдау шарасы әлі де жалғасын таппақ.

2 БЕТТЕ

28 мың адамның несиесі толық кешіріледі

Бұл жөнінде Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахмановтың Мәжіліс депутаттарының сауалына берген жауабында айтылған, деп хабарлайды Ulysmedia.kz.

«Агенттік жыл басында кепілсіз онлайн микрокредит беру сегментіндегі 30 микроқаржы ұйымынан азаматтардың проблемалық микрокредиттерін төмендету жөніндегі жеке жоспарларын талап етті. Ұсынылған жеке жоспарлар аясында 2022 жылдың соңына дейін микроқаржы ұйымдары 33,1 млрд теңге сомасына 432 мың қарыз алушының проблемалық берешегін қайта құрылымдауды, 0,8 млрд теңге сомасына 107 мың қарыз алушыны ішінара кешіру және 0,6 млрд теңге сомасына 28 мың қарыз алушыны толық кешіру жоспарлаған», – делінген агенттік төрағасы орынбасарының жауабында.

Нұрлан Әбдірахмановтың дерегінше, 2022 жылдың 1 қазанына микроқаржы ұйымдары 285,5 мың қарыз алушыға қатысты проблемалық берешекті төмендеткен.

«Оның ішінде негізгі борыш пен сыйақы бойынша 66,4 мың қарыз алушының 585 млн теңге берешегі, 756 млн теңге тұрақсыздық айыбы толық және ішінара кешірілді. 4,8 млн теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептен шығарыла отырып, 15,3 млрд теңге сомаға 219,9 мың борышкердің микрокредиті қайта құрылымдалды. Агенттік жеке жоспарлардың орындалуын бақылауды жалғастырады», – деді агенттік өкілі.

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАҒДАР

Үкімет отырысында білім беруді дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы талқыланды. Онда Премьер-министр Әлихан Смайылов негізгі бірқатар міндетті атап өтті. Мәселен, 2025 жылға қарай жаңа құрылыс стандарттары бойынша жалпы саны 840 мың орынға арналған мектеп салу жоспарланған. Айта кеткен жөн, тұжырымдаманың барлық жоспары балалардың сапалы және жанжақты дамуын қамтамасыз етуі керек. «Балалардың бойындағы білім нәтижесін бағалаудың барлық деңгейде мойындалған әдістемелерін енгізуге ерекше назар аудару керек. Жастарды кәсіпкерлік дағдыларына оқыту үшін колледждер, оның ішінде ауылдық колледждер жанынан шағын инновациялық кәсіпорындар құрылатын болады. Бұл өз кезегінде колледж түлектерінің 75 пайызын оқу бітіргеннен кейін бірден жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Үкімет басшысы Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар «Білімді ұлт», «Жайлы мектеп» жобасымен үйлестіру жөнінде шаралар қабылдау қажеттігін атап айтты.

Тұжырымдамада жасалатын жобалар жөнінде кеңінен тоқталсақ, алдағы уақытта білім беру саласы цифрландыруға бағыт алады. Яғни бірнеше жылда аталған саланы біраз өзгеріс күтіп тұр. Мәселен, балабақшалар мен мектептердің білім беру бағдарламалары қайта жаңғырады. Оның ішінде ғимараттар көптеп салынады. Сала мамандарының жалақысы тағы өседі. Ерекше қуанарлығы, 2026 жылға қарай білім беру саласы түгел цифрландыру жобасын қолға алмақ. Атап айтқанда, ұстаздар мен оқушылардың жеке мәлеметтері енгізілген цифрлы портфолиосы әзірленеді. Ал аттестаттар мен дипломдар да QR-код арқылы цифрлы форматта беріледі. Оқулықтар электронды форматта болады. Осылайша оқушылардың ауыр сөмкесі планшетке ауыстырылуы мүмкін.

Бұл мәселеге оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов кеңінен тоқталды.

– Планшетті, әлде басқа да құрылғыларды егер бала қолданбаймын десе, ешкім ешкімге оны мәжбүрлеп жатқан жоқ. Ол тек мүмкіндік. Ол ертең мектепке барып мұғалім сабақ бермей, сабақ басқаша өтеді дегенді білдірмейді, солай ғой?! Сондықтан мұғалім кәдімгідей сабағын өткізеді, бірақ бұл қосымша құрылғы. Министрліктегілер планшеттермен қамтудың қамына кірісіп те кеткен. Келесі жылы 400 мың бірінші сынып оқушысын осы электронды құрылғымен қамту ұсынылды. Бірақ цифрлы салаға жауапты бас маман интернеттің әлі де әлсіз екенін айтып, көңілге күдік ұялатты. Елдегі 7 мыңнан астам мектеп интернетке қосылғанымен сапасы сын көтермейді, – деді.

Алайда оқу-ағарту министрі өз саласын цифрландыруға дайын екенін айтқанмен, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин еліміздің 90 пайыз мектебі, яғни 6 мыңнан астам мектеп бұл талапқа сай келмейтінін алға тартып отыр. Сондықтан әкімдіктер мектептерде интернет жылдамдығын арттыру үшін қаражат бөліп, тиісті жұмыстарды жүргізуі қажет.

– Ведомство әкімдіктерге иек артып отыр. 2023 жылдың соңына дейін әр мектепте локалды желі болуы қажет. Жаңа салынған мектептер талшықты-оптикалық байланыс орнатуы шарт. Ал жоғары білім беру бойынша «Цифрлық университеттің эталондық стандарты» әзірленіп, онлайн оқыту жүйесі енгізіледі, – деді Бағдат Мусин.

Білім саласының маңызды деңгейі балабақша екені белгілі. Яғни баланың интеллектуалды, әлеуметтік дамуына балабақшалардың да әсері зор. Сондықтан алдағы уақытта 2 ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету үшін жаңа балабақшалар ашылады. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты жекеменшік балабақшаларға орналастыру жұмыстары жалғасады. Тұжырымдамаға сәйкес балаларды ерте дамытудың жаңа моделі енгізілуде. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларға сапалы білім мен тәрбие берудің маңызы зор. Осы орайда тәрбиешілердің біліктілігін арттыру мен аттестаттау жұмыстары жетекші рөл атқаратыны белгілі. Сол үшін осы мәселелер шешімін табуы тиіс.

Білім саласында қолға алынатын мәселелер мен жасалатын жобалар бойынша әр аймақ өз жұмысын бастап та кетті. Мәселен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша өңірде білім сапасын жетілдіру және мектептердің құрылыс мәселелеріне тоқталып, сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

– Оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Жаңа тұжырымдамада көзделген барлық көрсеткіштер өз мерзімінде орындалуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Аймақта білім саласына жеткілікті көңіл бөлінген. Атап айтқанда, жаңадан бірнеше мектептің құрылысы жүргізіліп, ғимараты ескірген мектептер күрделі жөндеуден өтуде. Биыл өңірде 4350 орынға арналған 9 мектептің құрылысы жүргізілуде. Жаңа оқу жылына 1 мемлекеттік және 2 жекеменшік мектеп ғимараты пайдалануға берілді. Енді жыл соңына дейін Қызылорда қаласында бір мектеп, Жаңақорған ауданында 3 мектеп Қазалы ауданында 1 мектеп пайдалануға берілуі тиіс. Сонымен қатар аймақта алдағы жылдары «Жайлы мектеп» жобасы аясында 15 жаңа мектеп салынады. Демеушілердің өз қаражатына салынған жеке мектептер саны 20-ға жетті.

Бүгінгі таңда білім сапасы үлкен мәселе екені ақиқат. Жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Сондай-ақ қазіргі кезде білім беру саласына жаңа көзқарас, жаңаша талап қойылып отыр. Яғни білім беру саласындағы жаңа жобалар заман талабы екенін айқындай түседі.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Белкөл кентіндегі спорт кешенінде Қызылорда қаласына қарасты кенттер мен ауылдық округ тұрғындарының арасындағы спартакиаданың марапаттау рәсімі өтті.

АУЫЛ СПАРТАКИАДАСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Дәстүрге айналған бұл шара қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтер арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бұқаралық спортты дамыту, дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуды насихаттайды. Бір айға созылған айтулы додаға елді мекендерден 400-ге жуық спортшы қатысып, спорттың 7 түрінен өзара мықтылар анықталды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді құттықтау үшін арнайы барған қала әкімі Асылбек Шәменов ыстық ықыласын білдірді.

– Қызылорда – олимпиада саңлақтары Ильяны, Қамшыбекті дүниеге әкелген қасиетті өлке. Бұқаралық спорты дамыған, салауатты халқы бар қазыналы қоныс. Өздеріңіз жақсы білесіздер, биыл «Балалар жылы» аясында аймақ басшысының бастамасымен облыс орталығында 50 спорт-ойын алаңы салынып, тұрғындар игілігіне берілді. Мұның барлығы да қызылордалықтарды салауаттылыққа ынталандыратын қадамдар, – деді қала әкімі.

Жарыс қорытындысымен сайыстың 7 түрінен үшінші орынды Ақжарма ауылдық округінің, екінші орынды Ақсуат ауылдық округінің, бірінші орынды Тасбөгет кентінің құрама командалары иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен спорттық тауарлардың сертификаттары табысталып, 1-ші орынды жеңіп алған команда ауыспалы кубокты қанжығаларына байлады

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨКПЕ ДЕРТІНЕ ШАЛДЫҚҚАНДАР КӨП

Ауа барлық адамға ортақ болғандықтан туберкулез бактериясын жұқтырудан ешкім қорғалмаған. Әсіресе балалар мен егде жастағылар үшін өте қауіпті. Туберкулезбен ауыратын адаммен жақын қарым-қатынас жиі әрі ұзақ болса, түрлі себептермен ағзаның қорғаныш күші әлсірегенде туберкулез таяқшалары белсенділік танытып, бұл аурудың қозуына себепші болады.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Аса қауіпті аурулар мен туберкулезді эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Жанар Жетілгенова ауру ерте анықталып, емдеу шаралары уақытылы жасалған жағдайда туберкулезден толық сауығып кету мүмкіндігі бар екенін алға тартады. Туберкулездің алдын алудың тиімді әдісі – профилактикалық медициналық тексеруден өту. Туберкулез рентгенологиялық әдіспен анықталады, яғни кеуде қуысын флюорографиялық және рентгенологиялық тексеруден өткізу. Ал балалар арасында туберкулезді анықтаудың маңызды әдісі-туберкулин сынамасын қою. Туберкулин диагностикасы 12 айдан бастап 14 жасқа жеткен тәуекел тобындағы балаларға манту сынамасын қою арқылы жүргізіледі. Манту сынамасын бұрынғы қойылған сынамалардың нәтижесіне қарамастан жылына бір рет қояды. Ол БЦЖ вакцинасын егу мен қайта егу контингентін іріктеу мақсатында жасалады. Балалар үшін БЦЖ вакцинасын егу ең алдымен туберкулез менингиті, ауыр түрдегі аурулардың таралуынан қорғайды. Алғашқы екпені жаңа туған бала перзентханада 0-4 күн ішінде алады. БЦЖ ревакцинациясы тек дені сау, қойылған манту сынамасы теріс болған 6-7 жастағы балаларға жүргізіледі.

Басы 1-бетте

А.АҚЫЛБЕК

«ДАМУ» демеген кәсіп

Өткен аптада «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен қаладағы бірқатар кәсіпкерлік нысандарын аралаған едік. Мұндағы мақсат мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлердің жұмыс барысымен танысу еді. Жалпы аталған қор «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктер арқылы пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру бойынша көмек көрсетеді.

Қордың қолдауына ие болған кәсіпкердің бірі – құрылыс материалдары өндірісін қолға алған Жұмабек Садуақасов. Өткен жылы кәсіп аясын кеңейту үшін «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен «Сбербанк» арқылы 70 миллион теңге несие рәсімдеген. Бүгінде 14 проценттік несиенің 8 проценті қордан төленсе, 6 процентін кәсіпкер өзі өтейді. Кәсіпкер бұл кәсіпті 2013 жылы бастағанын айтады. Алғашқы кездері қиындықтың болғанын жасырмайды. Өнім шығару қажырлы еңбекті талап етеді. Жұмыс күшінің басым болуы қажет. Ал қазір жұмыс барысы біршама жеңілдеген. Мемлекеттік бағдарлама игілігімен ол арнайы қондырғылар алдырып, өнім шығаруды автоматтандырған. Он адамды жұмыспен қамтыған. Брусчатка, бордюр өндірісімен айналысатын кәсіпорын шикізатты Шиелі, Жаңақорған ауданынан алдырады. Қазіргі таңда халықтың бұл құрылыс материалына сұранысы жоғары екенін айтады. Сұранысты өтеу үшін күніне 3000-нан аса өнім шығарады.

Білім беру саласына өзіндік үлес қосып жүрген «BAUER group» компаниясы да «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қолдау тапқан. 2020 жылы компания мемлекеттік және жекеменшік әріптестік негізде балабақша салуды қолға алған.

– 2020 жылы мемлекеттік және жекеменшік әріптестік негізде 320 орындық балабақша салуды жоспарлаған едік. Құрылысқа қажетті қаржы 938 млн теңгені құрады. «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорымен екінші деңгейлі банк арқылы алынған несиенің проценттік мөлшерлемесін субсидиялау және кепілдендіру құралдары бойынша жеңілдік жасалды. Қазіргі таңда балабақша білім беру талабына сай жұмыс істеуде, – дейді компания басшысы Бауыржан Еркебаев.

Балабақша қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Бүлдіршіндердің қабілетін, ой-өрісін дамытуда түрлі әдіс-тәсілді қолдана отырып зейінін ашады. Балабақшаның заманауи үлгіде жабдықталып, балаларды қызықтыратын түрлі көркемдік құралдармен көмкерілуі ерекше күй сыйлайды. Сонымен қатар балаларды шынықтыруда арнайы бөлме жабдықталған. Ой-өрісін дамытуда шахмат үйірмесі жұмыс істейді, бес демше, бес тас ойындарына баулиды. Одан бөлек, хореография, музыка залы мен ағылшын сыныбы бар. Бір ерекшелігі балалардың бойына қазақы тәрбиені сіңдіріп, дәріптеуде әр топта ұлттық құндылығымыздан көрініс беретін арнайы бұрыш жасақталған. Балабақша меңгерушісі Светлана Меңтаева қазір білім беру әдісінің өзгергенін, балаларды ойын арқылы дамытуға көңіл бөлінетінін айтады. Сондай-ақ бұрынғыдай мектеп алды топтарда әріптерді таныстыруда ойын арқылы жүргізіледі екен. Мемлекеттен қолдау тауып, кәсібін жалғастырған кәсіпкердің білім саласына ерекше ден қоюы расымен, қуантарлық.

Баспасөз турының келесі бағыты кондитерлік өнім шығаратын Алтынай есімді кәсіпкердің өндіріс ошағы болды. Тәтті өнімдер цехындағы тірлік қызу. Бес жыл көлемінде тәтті өндірісіне қадам басып, тұтынушыларды таза өніммен қамтамасыз етіп отырған кәсіпкер бұған дейін алған несиесін қайта қаржыландыру мақсатында аталған қордан көмек сұраған.

– Кәсіпті үй жағдайында бастадық. Бірте-бірте тұрақты тұтынушылар қатары көбейді. Кәсіптің өрісін кеңейтсек деп несие алып, жұмыс істедік. Былтыр «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры арқылы бұрынғы несиені қайта қаржыландыру әрі өндіріс цехын сатып алу мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен субсидия берілді. Соның арқасында бүгін цехымызда қызу тірлік жүруде, – дейді цех меңгерушісі Гүлмира Тоятова.

Кондитерлік кәсіп қазіргі таңда қарқын алған. Тәтті тоқаш пісіруді ұнататындар бұл кәсіпті тез-ақ игеріп кетеді. Дегенмен әр жұмыстың өз ауыртпашылығы бар. Цех меңгерушісі Гүлмира Тоятова қолдаудың арқасында алынған түрлі заманауи құрылғылардың жұмысты біршама жеңілдеткенін айтады. Мұнда 25 кондитер тұрақты жұмыспен қамтылған.

Қордың «Ұлттық жоба» бағдарламасымен несиесін субсидиялаған және кепілдендіру көмегін алғандардың бірі – «Шырақ» офтальмогиялық орталығы. Қаладағы беделді медициналық орталықта көз кемшілігін түзетуге арналған оталар, басқа да процедуралар жасалады. Мүмкіндікті пайдаланған орталық несие қаржысына соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар алып, қызмет аясын кеңейткен.

Еліміздегі шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында құрылған аталған қордың мақсаты кәсіпкерлерге осылай қолдау көрсету. Айта кетер жайт, қор кәсіпкерлікке екі бағыт бойынша көмек береді. Бірі несие бойынша субсидиялау және кепілдік құралын ұсыну болса, екінші бағыты индустриялды-инновациялық қызмет нысандарын қолдау. Бүгінде облыста қордың қолдауымен 990 жоба жүзеге асыпты.

Жеке кәсіп ашып, еңбек еткеннің нәтижесі болатыны анық. Ал шынайы қолдауды қажет ететін кәсіпті «Даму» қоры демейді.

Басы 1-бетте

Айдана СЕЙІЛ

Темірбек Жүргенов дегенде...

2023 жыл түркі әлемінде Темірбек Жүргенов жылы болып жарияланды. Қазақтың білім, мәдениет, әдебиет және өнер саласына айтарлықтай үлес қосқан тұлғаның 125 жылдығы бауырлас елдерде кең көлемде тойланады. Бұл жаңалықты Қазақстанның ТҮРКСОЙ-дағы өкілі, белгілі журналист Бақытжан Омар фейсбуктегі парақшасына жазды.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ, жүргеновтанушы, ғалым:

– Құрметті Бауыржан Сәбитұлы, сіздің негізгі зерттеу нысаныңыз Қазақстандағы білім, мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушысы, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері – Темірбек Қараұлы Жүргеновтің шығармашылық жолы. Әңгімеміздің әлхиссасын қайраткердің өмірінен, ата тегінен бастасақ...

− Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қазіргі Т.Жүргенов ауылында (бұрынғы Жаңаталап) дүниеге келген. Ол − кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні – Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтың дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттықсаяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне тұспа-тұс келді. Т.Жүргенов Нәзір Төрекұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті.

− Алаш қайраткері Темірбек Жүргеновтің алғашқы білім алу жолы, ұлтқа жасаған қызметіне тоқтала кетсеңіз...

− Темірбек Тұрмағамбет ақын ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. Ал 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енеді. 1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. САГУ-де студент болып жүріп, қоғамдық өмірге белсене араласып, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. Ол Қазақ АССР-нің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі, ал 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.Бартольд, профессор С.Малов секілді атақты ғалымдарды Мәскеуден арнайы шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салады. Жоғары оқу орындарына арналған «Саяси экономия» және «Құқықтану» пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударады. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға атсалысады. 1929-1930 жылдары Тәжікстанның Қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары Өзбекстанның Халық ағарту комиссары, ал 1933-1937 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарады. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Сейфуллин, С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев сияқты қайраткер-қаламгерлерді тартты. Т.Жүргенов ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. өнер майталмандарының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәлімет берді. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің артуына ықпал етті. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының бірінші өнер слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізудің басты ұйымдастырушысы болды. Онкүндік кезінде еліміздің өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге атқарған ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

− Әдетте біз Темірбек Жүргеновтің саяси-қоғамдық қызметтеріне көбірек көңіл аударып, қаламгерлік қарымына назар сала бермейтін сияқтымыз, бұған не айтасыз?

− Пікіріңіз орынды. Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып, мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша, Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдебі-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда, «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б.мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. 20-жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де (Орталық Азия Мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т.Жүргеновтің «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің ұлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі XX ғасырдағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі − әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

− Темірбек Жүргеновтың еңбектеріне қарап отырғанда, ол кісінің әдебиет сынына белсене атсалысқанын байқаймыз...

− Қайраткер 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын («Казахстанская правда», 1934ж., 21 маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман-тілегіне қызмет көрсетуі тиіс!» – дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» («Казахстанская правда», 1934ж.,12 маусым) мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген – Т.Жүргенов. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы – өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды. Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Темірбек Қараұлының «Жеруйық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асан қайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті. Темірбек Жүргенов – 30-жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниеден өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

– Темірбек Жүргенов өз заманында күйіп тұрған тақырыптардың бір парасы болған қазақ тілінің тағдыры, қазақ әдеби тілінің тарихы, аударма һәм терминология мәселесі төңірегінде де өткір, ұтымды ойлар айтқан тұлғаның бірі. Осы тұрғыдан келгенде қайраткердің жан-дүниесі ғылымға, зерттеушілікке жаратылғандай әсер береді...

– Халық Ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол 20-жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды. «Тілді де тісті, жігерлі де, іскер адам» - деп Ғ.Мүсірепов баға берген Темірбек Қараұлының жан-дүниесі ғалым, зерттеушіге бейім еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімділіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағынышкөрігін баса алмай өмірден өтті.

− Темірбек Жүргенов ұлтқа қажетті қызыметтің барлық саласында аянбай тер төккен әмбебап тұлға екенін айтып жатырмыз. Сол қатарда қазақ өнерінің болашағы үшін жасаған еңбегі бір төбе. Ендігі әңгіменің басын осылай бұрсақ...

− Темірбек қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», − дейді, ал академик А.Жұбанов: «Жүргеновтың кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік», − деп өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам», – деп талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады. «Біз қазақ мәдениетінің шырқау шыңдары үшін Темірбек рухының алдында қарыздармыз», − деген еді Әбіш Кекілбаев.

− Бұл күнде еліміздің жастары білім алып түлеп ұшып жатқан көптеген жоғарғы оқу орындары мен институттардың негізін осы Темірбек Жүргенов қалағанын бүгінгі ұрпақтың бірі білсе, бірі біле бермейтін сияқты...

− Әрине, Темірбек Жүргенов дегенде 1927 жылы Ташкентте ұйымдасқан алғашқы Қазақ педагогикалық институтының (Абай атындағы ҚазҰПУ) тұңғыш ректоры, Тау-кен институтын (Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүгінге дейін үзілмеген желісі еске түседі, Т.Жүргенов дегенде 30-жылдар басында Голощекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 400 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған Ағарту комиссары еске түседі. Т.Жүргенов дегенде тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген білікті басшы, 1936 жылғы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қарауына алған ұлтжанды азамат ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп, артынан мол әдебі-публицистикалық еңбектер қалдырған. Тарихи антология жағынан бұл мысал өркениеті мен мәдениеті теңескен батыс елдердегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген М.Робеспьер, Е.Дашкова, Ф.Раскольников тәрізді қайраткер-қаламгерлер үлгісімен теңеседі.

− Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын алғаш жұртшылық алдында оқытуы да ел есінде қалған тарихи оқиға болған деседі...

− Нарком Жүргеновтің қызмет еткен тұсында республиканың барлық өңірінде драмалық, музыкалық ұжымдар ашылып, қазақтың ел арасында жүрген әнші, күйші, бишілері бір шаңырақтың астына жинала бастады. Халық жыраулары мен жыршылар, термешілер мен барша өнерпаздар бас қосып, енді сала-сала бойынша профессионалды өнер ордаларына айнала бастады. Темірбек Жүргенов солардың бәрінде де тек ұйымдастырушы болып қана қоймай, олардың жұмысына өзі тікелей араласып, театрлар мен бишілер тобының өнерлерін түн жарымы ауғанша көріп, пікір айтып, жаңа өнер, таза өнер қандай болуы керектігін елден келген өнер иелеріне айтудан, үйретуден жалықпаған. Ол бәріне де уақыт таба білген. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын алғаш жұртшылық алдында оқуды ұйымдастырған да Жүргенов екенін тарихтан білеміз. Бұл жөнінде академик Ахмет Жұбановтың естелігінен мына бір жолдарды келтіре кеткен дұрыс. «...Темірбек Халық ағарту комиссары болып, өнер майданының «командованиесін» өз қолына алғаннан кейін бұрынғы тыныштық, «бейбіт» заман келмеске кетті. Өнер майданы қыза, бұрқырай жөнелді. Отыз үшінші жылдың күзінде М.Әуезовтің «Айман-Шолпаны» оқылады екен деген хабарды есітіп мен де үкімет үйіне келдім... Ол екі ауыз ғана сөзбен мәжілісті ашты да, Мұхаңа пьесаны оқытты... Пьеса тыңдаушыларды қанағаттандырды. Тек өзінің соңғы қысқа сөзінде Темірбек:

− Мұхтар! Осы «Басыбар» демей-ақ, сол шалдың азан айтып қойылған «Көтібар» атын өзіне қайтарсақ қайтеді. Қаншама мәдениетті ат қоямын, жаңа буыннан ондайды жасырамын дегенмен басы болса адамның басқа да жақтары болатынын бәрі де біледі ғой. Шекспир бұл жағынан аса қысылып-қымтырылмаған көрінеді ғой», − деді. Отырғандар да біраз күліп, Мұхаң бұл ұсынысты сол арада қабылдап, Көтібар өз атымен қалды.

− Мемлекет қайраткері Темірбек Жүргенов «Халық жауы» атанып атылып кеткеннен кейін, оның жары Дәмеш Әмірханқызы да ұзақ уақыт қуғын-сүргінді көп көрді. Кедергілер мен қиындықтарға қарамастан жарын ақтауға атсалысты. Темірбектей терең тұлғаны бүгінде қалай танып, біліп жүрміз?

− 1937 жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айып тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938 жылы 25 ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді. Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің туған қарындасы, қайраткердің зайыбы – Дәмеш Ермекова күйеуі атылғасын «халық жауының әйелі» деп оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, «Алжир» лагеріне қамайды. Бас-аяғы 20 жылға жуық уақыт қуғыншылық көріп, ол Алматыға тек 1957 жылы ғана оралды. Дәмеш Әмірханқызы кейін айнымас адал жарын жазықсыз жаладан ақтап алу жолында ғалым Мардан Байділдаевпен бірге талай есікті тоздырып жүріп, көптеген іс-шаралар, кездесулер өткізеді, естелік мақалалар жазалы. Осы кісілер мен Жүргеновке жанашыр азаматтардың ықпал етуінің арқасында Алматыдағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді, сондай ақ Астана, Алматы қалалары мен Қызылорда, Ақтөбе облыстарының бірқатар мектептері мен көшелеріне қайраткердің есімі беріліп, ескерткіштер орнатылды. Ағарту комиссарының өміріне арналған деректі фильмдер мен 1 пьеса жарық көрді. Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқуағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады. Себебі асыл азаматтың өнегелі өмірі, еліне деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпақ үшін Отанға қызмет етудің жарқын үлгісі болары хақ.

– Салиқалы әңгімеңізге рақмет. Жүргеновтану жолындағы еңбегіңіз жемісті бола берсін!

Сұхбаттасқан Ұмтыл ЗАРЫҚҚАН

Басы 1-бетте

Жампоз жырау Қуандық

Сыр сүлейлерінің жалғасы, Жиенбай жырау мектебінің жыршысы Қуандық Бүрлібаев – Сыр елінің жыраулық өнерін дүниежүзіне танытқан, өнер иесі. Ал бұл сахналық киім 1990 жылы Жапон Астанасы Токио қаласында өткен дүниежүзілік этно-фольклорлық Эсасе Ойваке Мацури фестиваліне қатысушы Қ.Бүрлібаевқа арнайы тігілген. Дарабоз жыршы Қ.Бүрлібаев Жапон елінің атақты «Оцейк» залында «Көріғұлы» дастанын жырлады. Бұл қазақ өнері тарихында Жапон елінде тұңғыш рет дәстүрлі-жыраулық өнерді насихаттаудағы алғашқы қадам болатын. Осылайша Қуандық Бүрлібаевтың дауысы дүниежүзілік өнердің алтын қорына жазылды.

Музей қорындағы сахналық киім бөріктен, бешпенттен және шалбардан тұрады. Киім қою қызыл түсті. Бөркі қою қызыл масатыдан тігіліп, айналасы құндыз терісімен көмкерілген. Сонымен қатар бұл бас киім төрт бөліктен құралып, әрбір бөлігінде алтын түсті жіптер мен қошқар мүйізді ою-өрнектер басылған. Бешпенті тік жағалы етіп тігілген. Кеуде тұсы және екі жеңі алтын түсті өсімдік тәріздес ою-өрнектермен безендірілген. Сонымен бірге, оң иығына алтын түсті үш шашақ тігілген. Жырау делебесі қозып, жыр жырлағанда домбыра ішектерін шертіп отырған оң қолы қозғалған сайын шашақ та бірге қозғалып, жыраудың шабытына шабыт қосқан секілді. Ал шалбары шыт матадан екі балағына алтын түсті жіппен зооморфты ою-өрнектер бастырылып тігілген. Бұл сахналық киім Жапон сахнасында өнер көрсеткен Қ.Бүрлібаевтың қазақы образына сән берді десек, артық айтқандығымыз емес. Сол Жапон сапарынан жырау науқастанып келеді. 1990 жылы 54 жасында дүниеден озады. Дегенмен оның қазақтың дәстүрлі жырларын әлемге паш ету жолында сіңірген еңбегі орасан зор. Ол ғасырлар түпкірінен жеткен, бабалардан қалған мақамдарды бүгінгі ұрпаққа жеткізуші жырау екені даусыз. Бұл сахналық киім 1993 жылы музей қызметкерлерінің арнайы іс-сапары барысында Қармақшы ауданынан музей қызметкері Ұлман Әліпбаева Қалиқызы арқылы музей қорына өткізілген. Қазіргі таңда қорда құнды экспонаттардың қатарында сақтаулы.

Гүлжанар ИБАДУЛЛАҚЫЗЫ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

Отбасы құндылығын берік ұстанған халқымыз бала тәрбиесіне де әу бастан мән бергені белгілі. «Тәрбие тал бесіктен» деген жұртымыз ұлының намысты, қызының әдепті болып өсуін үнемі назарда ұстаған.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҰСТАНЫМ ҚАЛАЙ?

Иә, бала тәрбиесі жауапкершілікті қажет ететін дүние. Жас өскінді қисайтып алмай, түзу жол көрсету атаның міндеті. Дегенмен бала естігеннен гөрі көргенін қабылдайды. Сол себепті оларға үлгі көрсету арқылы тәрбие берудің дұрыстығын психолог-тар жиі айтады.

Жалпы не нәрсенің де заманына сай өзгеріске ұшырайтыны анық. Ықылым заманнан қалыптасқан қазақы тәрбие бүгінде басқаша көрініс табуда. Батыстың әдебі мен тіршілік тағылымы қазір санамызға сіңіп келеді. Уақыт өте бұл қалыпты үрдіске де айналуы да ғажап емес. Бүгінде ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болған қазақы тәрбиенің де ауылы алыстап барады десек, артық болмас.

«Біздің кезімізде мұндай болатын, қазір заман өзгерді», «қазіргі балалар басқаша» деген сөзді қазір жиі естиміз. Мұның астарында өткен мен бүгіннің айырмашылығы, заманға сай қалыптасу, соған сәйкес көзқарастың өзгеруі, бейімделу жатыр. Расымен, бүгінгі күннің балалары басқаша. Олар өз қажеттілігін білетін, талап ете алатын, ашық, батыл. Үлкеннен имену, қысылу оларға тән емес. Не болса да көкейдегісін нақты айта алады. Әрине, бәрін бірдей деуге келмес, бірақ басым бөлігінде бар қасиет осы. Бұл – отбасындағы еркіндік, баланың бетін қақпай, ойын ашық айтуға мүмкіндік бергенің көрінісі. Ал мұны бірі дұрыс көрсе, бірі бұрыс санайды.

ТӘРБИЕ БАСЫ – ОТБАСЫ

Бала тәрбиені алдымен ата-анадан қабылдайды. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бабалар бекер айтпаған. Бүлдіршін былдырлап сөйлеп, тәй-тәй қадам басқан сәтінен-ақ ата-ана оның ақылды, тілалғыш, алғыр болып өсуіне ден қоя бастаған. Оның одан кейінгі іс-әрекеті отбасындағы қарым-қатынас арқылы беріледі. Расымен, қайсыбір сәби болсын ата-ананың іс-әрекетін, сөйлеу мәнерін өзіне үлгі тұтады. Тәрбие басы осылай бастау алады.

БАЛАҒА ЕРКІНДІК БЕР

Қазіргі кезде психологтар балаға тұлға ретінде қарау керектігін айтады. Оның ойын, пікірін ескеру, онымен ақылдасу, кеңес сұрау тәрізді әдетті қалыптастыруды жөн санайды. Сондай-ақ оған жекімеу, намысына тиетін сөз айтпау қажет. Есесіне ересек адам ретінде қабылдап, оңаша сөйлескен дұрыс. Мұндай қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, тұлға ретінде дамуына септігін тигізеді екен.

Ал керісінше өктем сөйлеп, тек тыйым көріп өскен бүлдіршін көнбіс, ынжық болып қалыптасады-мыс. Сондай-ақ отбасындағы ұрыс-керіс те оған теріс әсер беріп, қатыгездікті оятады екен. Сондықтан баласы бар әрбір ата-ана алдымен өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы балаға үлгі көрсетуі қажет дегенді алға тартады.

ҚАБАҚТАН СЕСКЕНЕТІН БАЛА ҚАЙДА БАР?

Жасыратыны жоқ, әке-шешенің қабағынан бәрін ұғып, сезіп білетін бала бұл күнде жоқтың қасы. Ескінің әдісіне айналған қабақпен қорқыту қазіргі жас өркендерге әсер етпейді. Мұны сәби кезінен тым еркелету, ата-әженің өбектеуі, бетін қақпай өсірудің салдары деуге болатын шығар. Әбден қалағанына қол жеткізіп үйренген, айтқаны болмаса шалқасынан түсіп жер тепкілеп жылайтын балаларды көз көріп жүр. «Ес білгесін өзі қояды» деп бұған бас қатыра да қоймаймыз. Мұндайда ең дұрысы баланы алдап, көңілін басқаға бөлу арқылы ашуын қайтару. Бірақ бала жылаған сайын өбектеп, алдаусыратуға көп ата-ананың жүйкесі шыдай қоймайтынын ұмытпаған жөн.

АҚША АДАМДЫҚТАН АЛШАҚТАТАДЫ

Адамның бір қызығы бала екені рас. Ең тәттіні балам жесін, ең жақсыны балам көрсін дейміз. Қолдан келсе ешкімнен кем қылмай, қалағанын орындауға тырысамыз. «Осылар үшін жүрміз ғой» деп бар тапқан-таянғанымызды балаға арнайтынымыз бар.

Бала тәрбиесіндегі тағы бір маңызды нәрсе – оны ақшаға қызықтырмау. Ақшаның қандай маңызы барын балалар жақсы біледі. Қазіргі жас отбасына тән қасиет баласына өзі көрген қиындықты, жоқшылықты көрсеткісі келмейді. Сол үшін қолынан келгенше қалаған ойыншығын, не қажетін алып береді. Бала психологиясын зерттеушілер мұны осалдыққа жатқызады. Себебі балаға қалаған дүниесін тез дыксыз алып беру оны еріншектікке, ештененің қадірін ұқпас жаман әдетке баулиды екен. Мұның соңы бала санасында ақшамен бәрін алуға болады деген секілді ой қалыптастырып, құнсыздыққа әкеледі-мыс.

Мәселен, еврей халқының бала тәрбиесіндегі ұстанымының бірі – оның көзінше ақша туралы сөз қозғамау. Бұл бала танымына ақша ұғымын сіңдіріп, адамдық қасиеттерден алшақтатады деп сенеді.

Ақшаға құнығудың соңы жақсылықпен бітпейтіні қашан-да белгілі. Сондықтан балаға алдымен оның қандай еңбекпен келетінін ұғындырған жөн.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезов тәрбие туралы «Ұлт боламын десең бесігінді түзе» деп тобықтай түйін түйген. Расымен, әр ұлттың бала тәрбиесі – елінің болашағы.

Тәрбие ісінде халқымыздың дара ұстанымы бар. Ата-бабамыз бала дүние есігін ашқан сәттен бастап тәрбиеге мән берген. Оның алғашқысы бесіктегі балаға ананың әлди, түрлі жыр-дастан, тәрбиелік мән бар әңгіме, діни өлеңдер айтуы. Ұйықтар алдындағы әженің ертегісі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы ұлықты ұл, қылықты қыз өсіру ұлтымызға тән қасиеттер. Баланы бес жасқа дейін хандай күтіп, он үшке дейін тірлікке үйретіп, одан әрі сырласындай қабылдауды жұртымыз өсиет еткен. «Он үште отау иесі» деп балаға жауапкершілік жүктей алған.

– Бала тәрбиесі бүтін бір халықтың болашағы деуге болады. Еліңнің болашағы жарқын, ұрпағын саналы болсын десең бұған атүсті қарауға болмайды. Қайсыбір ата-ана болмасын баласының жаман болғанын қаламайды. Шама-шарқы жеткенше жақсы тәрбие беруге тырысады. Қазір балаларға қатты сөйлеуге болмайды, психикасы бұзылады деп жатады. Балаға жәбір көрсетіп тәрбиелеу бізге жат дүние. Дегенмен артық кеткен жерінде «тәйт» демесең болмайды. Баламен өз деңгейінде тілдесу, бала сияқты қарым-қатынас жасау арқылы түсінігін молайту, мейірімге баулу, ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып тәрбие беру халқымызда бар дүние. Кейін небір қиындықты бастан өткердік. Сана уланды. Жұртымызға жат нәрсе үйреншікті әдетке айнала бастады. Ұлттық тәрбиеміздің түпқазығы осылай өзгеріске ұшырағанын жасыра алмаймыз. Бірақ қазір сол ұлттық құндылығымыз қайта жанданып жатыр. Осыған қуануымыз керек. Бала тәрбиесі ықылым заманнан әженің, ананың міндеті болған. Отбасында әркім өз міндетін лайықты орындай алса, оны көрген ұрпағы да лайықты азамат болады деп ойлаймын, – дейді көпті көрген әз-ана Үміткүл Сыздықбаева.

P.S. Қай ата-ана болсын өзінің отбасынан алған тәлімін, өмірден түйгенін ұрпағына дәріптейді. Алайда тәрбиенің төресі ұрпағынды рухани толыстырып, ұлттық құндылықты бойына сіндіре білу сияқты. Ал сіз қалай ойлайсыз?

Сәлем салу – қазақтың бойына сіңген дәстүр. Сондықтан үлкенге құрмет пен кішіге ізеттілік осы арқылы көрініс тауып, ұлтымыздың тұрмысында ерекше орын алған. Жөні бөлек бұл дәстүр тек әйел адамына, оның ішінде келіндерге тән.

Табаққа сәлем салуда не мағына бар?

Босаға аттап, келін атанған күннен бастап үлкендерге иіліп сәлем салуы – басты міндет. Бұл келіннің оларға деген құрметі, ізеттілігі, сыйластығы саналады. Осы тұста келіннің тек үлкендерге емес дастархандағы табаққа да сәлем салатын әдемі үрдіс бар. Үлкен ас ішіліп, бата қайырған соң дастархан үстіндегі табақты сәлем салмай алу әдепсіздік саналады. Халқымыздың қайсыбір салт-дәстүрін алсақ та, оның астарында терең мағына жатады. Ал табаққа сәлем салуда не мағына бар?

Этнограф ғалымдар мұны сыйластықтың белгісі дейді. Ет асып, табақ тартқаннан кейін дастархан басындағы үлкен кісілердің де жауапты міндеті болған. Мәселен, бас табақ тартылған кісі дастархан басындағыларға сол табақтан сыбағасын үлестірген. Бұл ретте үйдегі кішкентай балаға дейін назарға алынып, жөн-жоралғысын жасаған. Ал ас ішілген соң келіндерді табақ алуға шақырады. Мұндай кезде олар иіліп сәлем салып табақты алады. Бұл келіннің табақты берген кісіге деген сыйластығы ретінде көрініс табады. Өз кезегінде үлкен ақсақал, қариялар оған «Ұл тап», «бақытты бол» деген сынды тілек, батасын айтады. Осылайша тұрмыс салтымыздағы келіннің ибалығы, құрметі, әулет үлкендерінің де оған деген қамқорлығы бір ғана іс-әрекеттен көрінген.

– Дастарханды, ондағы асты сыйлау жұртымыздың ежелден қалыптасқан қағидасы. Көбіне үлкен ас берілгенде (ет тағамы) келіндер табаққа сәлем салады. Қонақтың қамын жасап, ас үйдің тірлігінен қолы қалт кетпейтін келінге қамқорлық ретінде үлкен кісілер табақ ішінде оның сыбағасын қалдырған. Сол сыбағасын беру үшін келінді табақ алуға шақырады. Мұндай сәтте ол да әдептілік танытып, табақты сәлем салып алады. Үлкендер батасын беріп, ізгі тілегін білдіреді. Сырт көзге қалыпты дүние көрінгенімен астарында мәні бар дәстүріміз ғой. Отбасындағы сыйластық, асқа құрмет, келіннің тәрбиелілігі, үлкеннің қамқорлығы жатыр. Сондай-ақ жиын-той, ас бергенде дастархан үстіндегі табақтарды келіндер өз кезегімен сәлем салып алады. Келіннің алған табағындағы ас оның сыбағасы. Сондықтан ол сол табақтан ауыз тиеді не үйіне салып алуына болады, – дейді көпті көрген Базаркүл апа.

Қайсыбір істі даналықпен саралаған халқымыз кей жағдайда келінге салем салдырмаған. Мәселен, жесір әйелден бөлек аяғы ауыр келіншекте бұл жоралғыдан босатылған. Сонымен қатар келін қонаққа келген әкесінің алдындағы табақты алмайды, сәлем салмайды. Бұл тек келіндерге тән салт болғандықтан қыз баласының әкесінің алдындағы табақты сәлем салып алуына тыйым салған.

– Иә, бұл келіндер жасайтын жоралғы ғой. Қазақта қыз баласы тек босағасын аттаған әулетіне сәлем салады. Бұл оның келіндік міндетін, жауапкершілігін, өзіндік орнын айқындаса керек. Сол себепті келін үйге келген әкесіне тартылған табақты алмайды. Бірақ бұл оның табақ сыбағасынан құр қалғанын білдірмейді. Дастарқан үстіндегі басқа табақты әулеттің үлкеніне не шаңыраққа сәлем салу арқылы алады, – дейді әз-ана.

Отбасы құндылығына баса мән берген бабаларымыз осындай өнегелі қағидаларды тұрмыс салтына енгізген. Тәрбие тағылымын осылайша ұқтыруды жөн санаған. Байқасаңыз, табаққа сәлем салып алу келіндер үшін де мәртебелі жоралғы. Әулет үлкендерінің келінге деген ақ батасы, ізгі тілегі іштей мейірімділікті, сүйіспеншілікті сездіреді.

Халқымыздың қайсыбір салт-дәстүр, әдет-ғұрпына үңілер болсақ тағылымдық мәні зор тәрбиені көруге болады. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тұрмыста орындалатын әрбір іс-әрекетін бағамдай білген жұртымыз небір құнды, мағыналы дүние жасай білген.

КҮЙЕУ БАЛА, ТӨРГЕ ОЗБА

Салт-дәстүрді берік ұстанған бабаларымыз түрлі ырым-тыйыммен де оның орындалу барысын жүйелеген. Мәселен, халқымыз ақ босаға аттаған келінге әулетінде қандай міндет, жауапкершілік жүктелсе, күйеу бала атанған жігіттің де өзіндік міндеті болған. Жалпы дәстүрімізде күйеу жігіт орындайтын жөн-жоралғы жетерлік. Алайда қазіргі таңда оның көбісі ұмытылып, салтымыздан шығып қалған. Білгеніміздің білмейтініміз көп.

Сондай-ақ күйеу бала орындамайтын, тыйым салынған жоралғы бар. Бұл оның қайынжұртқа бата бермеуі. Иә, қазақ күйеу баласын, төрге шығармайды, бата бергізбейді. Оның да өзіндік мәнмағынасы бар.

Батаның халқымызда қандай маңызы барын жақсы біледі. «Батамен ел көгерер» деп бүтін жұрттың игілігін жақсы сөзбен байланыстырған жұртымызда күйеу бала бата бермеген. Бұл туралы көпті көрген әз ана Базаркүл Байдалиевадан сұраған едік.

– Батаны кез келген адамнан сұрамайды, кім көрінген бермейді. Осыдан-ақ халқымызда оның қаншалықты құнды екенін білуге болады. Қазақта күйеу бала бата бермейді. Бұл әдепсіз тірлік болып есептеледі. Мейлі жасы үлкен болса да ол үйге күйеу бала болса, бұл жөн-жоралғыны ол атқармайды. Оның елі басқа, руы басқа. Әрбір рудың жұртын басқаратын өз адамы бар. Батаны жасы үлкен, елге сыйлы, аузы дуалы ақсақалдан не алыстан келген сыйлы қонақтан сұраған. Бата адам өміріне әсер етеді деп сенгендіктен кез келгеннен сұрамайды. Қазір оның да мәні кетіп барады. Бата бере алмайтын ата-әжелер көбейді. Бата мен тілекті айыра алмайтындар көп. Бұрынғы қариялардың бата беруі бір-бірінен асып түсетін. Қазір ондай кісілер некен-саяқ, – дейді апамыз.

Дәстүріміздің түбіне үңілер болсақ небір жөн-жоралғыны табуға болатын шығар. Тек заманына сай бірі ескіріп, бірі қайта түрленіп тұрмысқа еніп жатады. Заманға сай болғаны дұрыс, ескінің сарқыншағы дейтіндер көп. Сондай ермеліктің салдарынан талай құнды дүниелер естен де, есептен де шығып қалуда.

Күйеубалаға қатысты тағы бір тыйым – оны төрге шығармайды. Келіннің төрге шығуы әдепсіздік болса, күйеубаланыңда мұндай әрекеті ерсі саналған. Алайда қазір келіндер төрге шықпағанымен, төрде отыратын күйеу баланы жиі байқауға болады.

– Қазір ниет деген сөздің де мәні қалмады-ау. Дұрыс емес дүниеге жөн айтсаң «бастысы ниет түзу» дейтін болған. Ниетінің түзу болуын, біреуге кесірлік жасамауды есті адам өз ұғуы тиіс. Ниеттің түзулігінен енді төрге озған күйеубала көбейген. Әрине, «Пайғамбарда күйеубаласын сыйлаған». Бірақ оның да өз орнымен болғаны жақсы. Күйеубаланы төрге шығармауы, «есіктен кіріп, төр менікі деме, шаңырағыма ие болар өз ұрпағым бар» дегенді меңзейді. Есі бар жігіт қайынжұртының төріне шықпайды. Мұны жастарға айтып, жөн көрсететін үлкендер болуы керек. Өкініштісі, қазір күйеубаланың алдына түсіп, өзі қызмет қылатын қайынжұрт көбейіп келеді, дейді әз-ана.

Байқасақ, күйеубаланың да келіннің де міндеті бірдей. Бірін кем, бірін артық қылмай тең ұстаған халқымыздың даналығын осыдан-ақ байқауға болатындай. Расымен, қазір ешкім күйеубаласын есік жаққа отырғызбайды. Қайта «жоғары шық» деп төрді нұсқайтындарды жиі байқаймыз. Мұнысы «күйеубаламды баламдай көремін» дегені ме? Әлде...

Бетті дайындаған
Айдана СЕЙІЛ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737 **Тапсырыс №1878**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА